

¹Қыдырбай Қ.А. , ²Сүйеркүл Б.М. , ³Мустафаева А.А. 

¹ Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

^{2,3} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹kaldybai75@gmail.com, ²billionairebota@gmail.com, ³rummana@mail.ru

АРАБ ТІЛІНДЕГІ СИРЕК КІТАП АТАУЛАРЫН ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛАУДЫ УНИФИКАЦИЯЛАУ ПРИНЦИПТЕРІ

Аңдатпа. Қазақстан тәуелсіздік алғалы әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында шетел архивтері мен кітапханаларынан еліміздің тарихына, мәдениетіне, тіліне т.б. қатысты құжаттар мен кітаптар әкеліне бастады. Арасында араб графикалы араб, парсы, түркі т.б. тілдердегі құжаттар мен кітаптар да бар. Олар еліміздің кітапханаларындағы сирек кітаптар қорына өткізілді. Сол қорлардағы араб тіліндегі кітаптардың каталогтарын қарағанымызда еңбек атаулары мен авторларының есімі транслитерациялаудың белгілі бір халықаралық стандартына салынбағаны байқалады. Араб есімдері мен еңбек атаулары күрделі құрылымнан тұрады. Бір автордың есімі мен еңбек атауы әртүрлі жазылса, іздеу жүйесі оларды әртүрлі адам, әртүрлі еңбек ретінде қабылдауы мүмкін. Транслитерацияның бірыңғай стандарты барлық деректерді бір жерге жинақтап, авторитеттік жазбалар жасауға көмектесіп, әлемдік деңгейде мәлімет алмасуға жол ашады. Бұл мақаламыздың мақсаты Қазақстанның сирек қорларындағы араб тілді қолжазбалар мен сирек кітаптарды каталогтау кезінде халықаралық транслитерациялау стандарттарын қолданудың қажеттілігін негіздеу. Зерттеудің мәні араб тілді мұраларды жүйелеу арқылы олардың ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету және отандық ғылымның халықаралық кеңістікпен байланысын нығайту. Зерттеудің жаңалығы отандық кітапхана ісінде араб графикалы еңбектерді транслитерациялаудың бірыңғай стандартының жоқтығын айқындап, оны шешу жолдарын ұсынуда. Сонымен қатар араб тілін білмейтін мамандар мен халықаралық зерттеушілер үшін ортақ ақпараттық көпір орнату идеясы ұсынылады. Мақалада автор есімдері мен еңбек атауларының әртүрлі транслитерациялануынан туындайтын іздеу жүйелеріндегі қателіктерді жою міндеті қойылған. Бірыңғай стандартты енгізу іздеу жүйелеріндегі авторитеттік жазбаларды қалыптастыруға, мәліметтерді халықаралық деңгейде алмасуға және цифрландыру процесін жеделдетіге мүмкіндік береді. Жұмыста салыстырмалы салыстырмалы салыстырмалы-салғастырмалы және аналитикалық т.б. әдістер қолданылады. Халықаралық деңгейде танылған (DIN, ISO, UN, ALA-LC, EI) транслитерациялау жүйелері талданып, олардың Қазақстан ғылыми ортасына бейімделу мүмкіндіктері зерделенеді. Зерттеу нәтижесінде Қазақстанның сирек қорлары үшін «бір әріп – бір таңба» принципіне негізделген және диакритикалық дәлдігі жоғары DIN 31635 стандартын қолдану тиімді деген тұжырым жасалды. Бұл стандартты енгізу араб тілді мұралармен қоса араб графикалы өзге (парсы, османлы, шағатай, т.б.) тілдердегі мұраларды әлемдік ғылыми айналымға толыққанды қосуға кепілдік береді.

Алғыс: Мақала ҚР Ғылым және ЖБ министрлігінің «Қазақстанның қолжазба мұрасы: реестрлеу, реставрациялау, ғылыми каталогтау, цифрландыру және кешенді кодикологиялық зерттеу» тақырыбындағы бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR28712621).

Кілт сөздер: Араб тілі, транслитерация, қолжазба, басылым, литография, цифрландыру, каталог.

Кіріспе

Қазақстанның кітапхана қорларында сақталған араб тіліндегі сирек басылымдар мен қолжазбалар еліміздің рухани мұрасының ажырамас бөлігі. Алайда осы жәдігерлерді заманауи электронды каталогтарға енгізу және ғылыми айналымға қосуға транслитерациялау мәселесі басты кедергілердің бірі болып отыр. Сирек қорлардағы еңбектердің атаулары мен автор есімдерін транслитерациялау араб тілін меңгермеген зерттеушілер мен оқырмандар үшін ақпараттық көпір қалыптастырудың бірден бір жолы. Бұл ұлттық мұраның ашықтығы мен пайдалану тиімділігін арттырады. Қазіргі таңда әртүрлі кітапхана жүйесінде бір автор есімі мен еңбек атауы бірнеше нұсқада берілуі іздеу ақпараттық жүйесінде қиындықтар туғызуда. Сондықтан мұндай деректерді унификациялау каталогтау ісіндегі кезек күттірмес мәселе. Отандық кітапхана ісін әлемдік деңгейге көтеру үшін араб графикалы мәтіндерді халықаралық стандарттарға сәйкес транслитерациялау қажет. Бұл Қазақстан қорларындағы сирек жәдігерлерді халықаралық деректер базасына интеграциялауға мүмкіндік береді. Сирек басылымдарды цифрлық форматқа көшіру кезінде олардың метадеректерін дұрыс таңбалау еңбектің атрибуциясын дәл анықтауға мүмкіндік береді. Осыған орай араб тіліндегі (жалпы графикасындағы) сирек қорлардағы қолжазба, басылым атаулары мен автор есімдерін транслитерациялаудың бірыңғай принципін әзірлеу және оны тәжірибеге енгізу отандық библиография мен деректану ғылымы үшін аса өзекті болып отыр.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу жұмысының эмпирикалық материалы ретінде «Ғылым Ордасы» Орталық ғылыми кітапханадағы араб графикалы қолжазбалар мен сирек кітаптардың электронды каталогы алынды. Оның ішінде араб тіліндегі қолжазбалар мен сирек басылымдардың атаулары, автор есімдерінің библиографиялық сипаттамада берілу дәлдігі мен транслитерациялану сипаты негізгі зерделеу нысаны ретінде алынды.

Мақалада зерттеудің келесі әдістері қолданылды:

Каталогтағы араб графикалы қолжазбалар мен сирек кітаптардың түпнұсқа атаулары араб тілінің емле ережелеріне сай дұрыс жазылғанын тексеру үшін текстологиялық салыстыру әдісі қолданылды. Нәтижесінде түпнұсқа мәтінді оқудағы графикалық қателіктер анықталды.

Араб тілінің грамматикалық ережелеріне сәйкестігін тексеру үшін лингвистикалық, соның ішінде морфологиялық, синтаксистік талдау әдісі қолданылды. Нәтижесінде изафеттік тіркестердің бірізді сақталмағаны және араб графикасындағы орфографиялық кемшіліктер анықталып, олардың транслитерация сапасына кері әсері дәлелденді.

Атаулар мен есімдерді латын графикасында дұрыс беру үшін транслитерация әдісі қолданылды. Зерттеу барысында салыстырмалы салыстырмалы-салғастырмалы және аналитикалық әдіс арқылы халықаралық DIN, ISO, UN, ALA-LC, EI транслитерациялау стандарттарына талдау жасалды. Нәтижесінде, араб графикасының фонетикалық және графикалық ерекшеліктерін дәл бере алатын DIN 31635 стандарты функционалдық-прагматикалық тұрғыдан Қазақстанның қолжазба, сирек кітаптар қорларын каталогтау үшін ең оңтайлы нұсқа ретінде таңдалды.

Талқылау

Араб графикалы қолжазбалар мен басылым мәтіндерін транслитерациялаудың ғылыми негізін қалаушылардың бірі неміс шығыстанушысы Карл Броккельман (Carl Brockelmann) болды. Ол өзінің «Geschichte der arabischen Litteratur» еңбегінде араб мәтіндерін латын графикасында транслитерациялаудың бірізді жүйесін ұсынды (Brockelmann, 1938). Бұл принциптер кейіннен Германия стандарттау институты қабылдаған DIN 31635 және т.б. стандарттардың базалық негізіне айналды. Сондай-ақ Ганс Вер (Hans Wehr) өзінің арабша-ағылшынша сөздігінде (A Dictionary of Modern Written Arabic) араб тілінің фонетикасы мен

графикасы арасындағы теңгерімді сақтайтын транслитерация концепциясын жетілдіре түсті (Wehr, 1994).

Орыс ғалымдары В.Э. Шагаль, М.Н. Мерекин, Ф.С. Забировтар араб тілі таңбаларының кирилшедегі ғылыми транслитерациясын жасап, орыс әліпбиінің мүмкіндіктерін барынша сарқа пайдаланған (Шагаль, Мерекин, Забиров, 1983: 9-10), сонымен қатар А.А. Ковалев пен Г.Ш. Шарбатов та осы үлгіде жасаған (Ковалев, Шарбатов, 1999: 10-13). Отандық зерттеуші Б.Тасымов араб тілі таңбаларының қазақ-кирилл әріптеріндегі ғылыми транслитерациясын В.Э. Шагаль, М.Н. Мерекин, Ф.С. Забировтардың жұмысын негізге ала отырып жасаған. Айырмашылығы қазақ әліпбиіндегі ә таңбасын қосқан (Тасымов, 1990: 18).

Талқылау барысында араб графикасындағы еңбектерді каталогтау жұмыстарына кирилл таңбасындағы емес, халықаралық стандарттар арасынан Карл Броккельман негізін қалаған DIN 31635 стандарты таңдалып алынады.

Негізгі жұмысымызға келсек, Ғылым ордасындағы Орталық ғылыми кітапхананың электронды каталогын зерттегенімізде екі жүзге тарта араб графикасындағы (араб, парсы, шағатай, татар т.б. тілдердегі) қолжазбалар мен сирек басылымдардың атаулары, авторларының есімдері бір жүйеге салынбай, әртүрлі транслитерацияланғанын байқадық. Бір еңбек атаулары кирилл графикасымен бірде қазақша, бірде орысша транслитерацияланса, біреулері латын графикасында берілген. Белгілі бір ережеге салынбай жазылған. Бұл мақала араб тіліндегі еңбектерге қатысты болғандықтан еңбек атаулары мен автор есімдерінің каталогтағы транслитерациясына тоқталайық.

Каталогта Ұбайдұлла ибн Масғұд ибн Тәжушарифаның *مختصر الوقاية في مسائل الهداية* еңбегінің бірнеше көшірме нұсқасы көрсетілген. Олар 6, 73, 139, 176, 192, 210, 285, 359, 531, 671, 2407 шифрларымен сақталған. 73, 139, 176, 192, 210, 285, 531, 671 шифрлы нұсқалардың атауы мен авторының есіміне транслитерация мүлдем жасалмаған. 6, 359 шифрлы нұсқаларына латын графикасында, 2407 шифрлы нұсқаға кирилл графикасында транслитерация жасалған.

6-шифрдағы авторының есімі Ubaydullah ibn Masud ibn Taj al-Shari'a, еңбек атауы Mukhtasar al-Wiqayah fi Masa'il al-Hidayah (қазақшасын «Мұхтасар әл-Уикая») деп транслитерациялаған.

359-шифрдағысында еңбек атауының транслитерациясы берілмеген, авторы 'Abdullah bin Masud Taj ash-Shari'iyu және Maḥmud bin Ṣadr ash-Shari'a деп транслитерацияланған.

Ал осы еңбектің 2407-шифрда сақтаулы тұрған нұсқасы кирилл таңбасымен «Китаб мухтасир» деп берілген. Авторын Абд Рауан Хаджи деп көрсеткен.

Электронды каталогта *مشكاة المصابيح* еңбегінің 2 нұсқасы бар. Олар 281, 8849 шифрларымен сақталған. 281-шифрда авторының есімі транслитерацияланбаған. Ал еңбек атауы кирилл әріптерінде қазақша «Мишкәт әл-Масабих» деп берілген. 8849-шифрлы нұсқасында еңбек атауы транслитерацияланбай, авторы кирилл таңбасымен орысша «Али бен Султан Мухаммад» деп жазылған.

26-шифрлы *شرح الوقاية* еңбегі кирилл таңбасында «Шарх уикая», авторы белгісіз 5625-шифрлы (араб. шағ.) қолжазбаның ішіндегі *كتاب النحو والصرف* бөлімінің атауы Kitab al-Nahw was-Sarf, *متن أصول التحد لمحمد* бөлімінің атауы Matnu Usulit-Tahmid li-Muyammad, *قصيدة نونية* бөлімінің тақырыбы Qasida Nuniyya, *مخرج وتجويد* бөлімі Mahraj wa-Najwid, *قصيدة البراءة* бөлімі Qasidat Bara'a, *أسماء الله وصفاته* бөлімі Asmaullah wa Sifatuh, *الأخلاق والاعتقاد* тақырыбы Risalatun tata allaqu bi itiqadat wa-l-ahlaq деп транслитерацияланған.

366-шифрлы еңбектің авторы *علي بن محمد الجرجاني* латын графикасында Ğurġānī, 'Alī ibn Muḥammad, еңбектің *تعريفات سيد أو تعريفات كتب القوم ورتبتها على حرف الهجاء من الألف والباء إلى الياء* деген атауы Tarifatu Sayyidin aw Ta rifatu Kutubi al-Qawmi wa-ruttibat ala harfi al-hijai min al-alif wa-l-ba ila al-ya' деп транслитерацияланған.

2010-шифрлы *محاضرة الأبرار ومسامرة الأخيار في الأدبيات وال نوادر والأخبار* еңбегінің атауы транслитерацияланбай, авторы *محيي الدين محمد بن عربي* латын графикасында Muhyiddin

Muhammad ibn Arabi деп берілген (осы кітаптың 1204-шифрлы екінші томына мүлдем транслитерация жасалмаған).

8345-шифрлы *لغة العرب* журналы кирилл графикасында «Лугат араб» деп берілген.

2964-шифрлы еңбек атауы араб тілінде *تاريخ اداب العرب* деп жазылып, авторы *ميخائيل بن يوسف عطايا* кирилл таңбасында «М. О. Аттая» деп берілген.

1053-шифрлы *العرب لسان* еңбегі кирилл графикасында «Муъаллиму ас-сарф» деп көрсетілген.

9701-шифрлы еңбектің атауы транслитерацияланбай, авторы *الأستاذ محمد رضا* кирилл таңбасында «Устаз Мухаммад Ридо» деп берілген.

2017-шифрлы еңбектің атауы араб тілінде *نوابغ الكلم* деп жазылып, транслитерациясы берілмеген. Ал авторы *عمر الزمخشري محمود بن* латын графикасында *Mahmoud ibn Omar al-Zamakhshari* деп берілген.

17-шифрдағы *شرح ملا جامي* еңбегі Шарх мла Джами деп транслитерацияланған.

8973-шифрлы араб және шағатай тілдеріндегі *مقيد التخلص* еңбегі латын графикасында *Muhyid al-Talhys* деп, авторының есімі *محمد عبد الرحمن بن عبد الغفور* *Muhammad Abd ar-Rahman ibn Abd al-Gafur* деп берілген. Ал кітапты реттеп шыққан *بكااشن بن بكاشن السيلانكي* *Bakaashan bin Bakaashan as-Silanki* деп транслитерацияланған.

880-шифрлы еңбекті ибн Халликанға тиесілі екенін араб тілінде *لابن خلكان* деп көрсеткен. Ал каталогта оны кирилл таңбасында «Лабин Халкан» деп жазған.

879-шифрлы *العيان وفيات الاعيان* еңбегінің авторын да кирилл таңбасында Ибн Халкан деп берген.

356-шифрлы еңбектің авторы *عبد القادر الرازي* *Zayn al-Din ibn Muhammad ibn Abi Bakr ibn Abd al-Qadir al-Razi* латын графикасында *Zayn al-Din ibn Muhammad ibn Abi Bakr ibn Abd al-Qadir al-Razi* деп берілген. Еңбек атауы транслитерацияланбаған.

2027-шифрдағы *القرآن* кітабы *al-Quran* деп берілсе, енді бір жерде *Quran al-karim* деп жазылған.

128-шифрлы Құранның жиырма үшінші жүзін араб тілінде *جزء ثالث والعشرون* деп жазып, оны латын графикасында *Quran al-karimi juz'un thalithun wa l-'ishrūn* деп жазылған.

365-шифрлы еңбектің атауын араб тілінде *شرح العقائد للعلامة البرهان* деп көрсетіп, транслитерациясын латын графикасында *Al-Musammar Sharh al-'Aqaid lil-'Allamah al-Burhan* деген.

Каталогта 8282-шифрдағы еңбектің авторы *كمال الدين الحسين بن معين الدين الحسيني الميبيدي* *Kamal ad-Dīn Husayn ibn Muin ad-Din al-Husayni al-Mibadi al-Yazdi* (قاضى مير حسين الميبيدي) *(Qadi Mir Husayn al-Mibadi)* деп транслитерациялаған. Ал еңбек атауы *زبدة الأسرار* *Zubdat al-Asrar* деп транслитерацияланған.

124-шифрлы *القرآن الشريف* (қолжазба) *The Noble Quran* деп ағылшын тіліне аударылып берілген.

3705-шифрлы *الهداية في مسائل الرواية وقاية الرواية* қолжазба еңбектің тақырыбы кирилл графикасында екі нұсқада берілген. Бірі «Уиқаяту ар-Риуая фи Масаили ал-Хидая», екіншісі «Уиқаяту-р-Риуая фи Масаилил-Һидая». Ал авторының есімі *برهان الشريعة* латын графикасында *Burhan al-Sharia*, кирилл графикасында үш нұсқада «Бұрхан аш-Шариға», «Бұрхан аш-Шариға», «Бұрхан аш-Шариға әл-Махбуби» деп берілген.

7735-шифрлы *حسين علي محفوظ* еңбегінің авторы *حسين علي محفوظ* кирилл таңбасында Хусейн Али Махфуз деп беріліп, еңбек атауы транслитерацияланбаған.

5955-шифрлы *مجموعة الأدعية* еңбегінің атауы *Majmu at al-Adyah* деп транслитерацияланған.

5938-шифрлы *القرآن الكريم* латын графикасында *Al-Qur'an al-Karim* деп транслитерацияланған.

319-шифрлы еңбек авторы араб тілінде *مسعود بن محمد يوسف السمارقندي* деп жазылып, транслитерациясы латын графикасында *Mas'ūd b. Muḥammad Yūsuf al-Samarqandī al-Zāhid* деп берілген. Ал еңбек атауы транслитерацияланбай орыс тіліндегі аудармасы берілген.

9473, 7930-шифрлы еңбектердің атауы орыс тіліне аударылып, аннотациясы да орысша жазылған.

2814-шифрлы еңбек авторының атауы عمر الزمخشري جار الله أبي القاسم محمود بن Jar Alla Abu Al-Qasim Mahmoud ibn Omar Al-Zamakhshari деп транслитерацияланған. Авторының есімі арабша المولى داود деп жазылып, al-maula Dauud деп берілген.

1891-шифрдағы еңбек авторының есімі араб тілінде الولد العزيز ضياء الدين يوسف деп жазылып, кирилл графикасында «Ал-уалад ал-азиз Диау ад-дин Юусуф» деп берілген.

5933-шифрлы مسلك المتقين еңбегін Maslak al-Muttaqin деп транслитерацияланған, авторын араб тілінде الصديق محمد الصوفي الله يار البخاري деп жазып, оған латын графикасында Abu al-Siddiq Muhammad al-Sufi Allayar al-Bukhari деп транслитерация жасаған.

5070-шифрлы ودمنة كليلة шығармасы атауы транслитерацияланбай, каталог аннотациясында «Калила мен Димна» деп қазақшаға аударылып берілген.

2220-шифрлы هذه أسماء أهل بدر الكرام еңбегі Hazihī asma'u Ahl Badr al-Kiram, авторы الإمام البرزنجي Imam al-Barzanji болып берілген.

5068-шифрлы اسماعيل حقي еңбектің авторы (تفسير القرآن المسمى بروح البيان) Ismail Haqqi деп берілген. Еңбек атауының транслитерациясы берілмеген.

8221-шифрлы (محمد بن عابدين) еңбек «Насамат ал-асхар», авторы (محمد بن عابدين) латын графикасында Muhammad bin Abedin, кирилл графикасында Мухаммед бин Абедин деп берілген.

7859-шифрлы Құран кітабын «al quran» деп транслитерациялаған.

118-шифрлы (المتنوي المعنوي) еңбек атауы al-Masnawi al-Ma nawī, авторы (جلال الدين محمد) Jalal ad-Din Muhammad ar-Rumi болып транслитерацияланған.

132-шифрлы (العوامل في النحو) еңбек атауы «Ал-ғауамил фи ан-Наху» деп, авторының есімі (عبد القاهر الجرجاني) латын графикасында Abdul Qahir al-Jurjani, кирилл графикасында Абдул Қахир әл-Джурджани деп транслитерацияланған.

26-шифрлы еңбек атауы (شرح الوقاية) «Шарх уикая» деп берілген.

2409-шифрлы араб тіліндегі еңбектің бірінші беті жоқ болғандықтан еңбектің авторы да, атауы да белгісіз екені орыс тілінде жазылған.

Байқағанымыздай араб тіліндегі қолжазбалар мен сирек кітап атауларына, автор есімдеріне әртүрлі транслитерация жасалған. Белгілі бір ереже жоқ. Бірде кирилл таңбасында, бірде латын графикасында берілген. Кирилл таңбасында транслитерацияланған кей еңбек атауларындағы ق әрпіне түпнұсқаға сай келмейтін /к/ таңбасы берілген (қ. 26-шифр). Енді бірі ағылшын тіліне аударылған (қ. 124-шифр).

Бір еңбек немесе авторлардың есімі арабшасынан қате оқылып, қате транслитерацияланған. Мысалы каталогта 879-шифрдағы وفيات الأعيان еңбегінің авторы «Ибн Халкан» деп берілген. Автордың арабша есімі ابن خَلْكَان емес (Al-Munğid, 1996: 7). Арабшасы дұрыс оқылғанда, кирилдің өзінде «Ибн Халкан» емес «ибн Халликан» деп жазар еді. Ал 880-шифрлы еңбекте каталог жасаушының араб тілінің грамматикасынан хабары болмағандықтан لابن خلكان дегенді «Лабин Халкан» деп жазған. Мұндағы ابن خلكان деген есімнің алдынан келген [li] еңбектің ибн Халликанға тиесілі екенін білдіретін көмекші сөз. Бұл көмекші сөз сөздердің алдынан қосылып, заттың біреуге тиесілі екенін білдіреді (An-Nāgawī, 2002: 315).

Тіпті кейбір еңбек атаулары мен автор есімдері түпнұсқа араб тілінде қате жазылған. Мысалы 2964-шифрлы (تاريخ اداب العرب) еңбек атауындағы адаб сөзіндегі бірінші әлифке мәд (آ) белгісі қойылмай кеткен. Дұрысы تاريخ اداب العرب деп жазылу керек еді. 2814-шифрдағы еңбек авторын жазғанда خ әрпінің орнына ح әрпін жазып, الزمخشري деудің орнына الزمخشري деп жазған. Бұлай түпнұсқаны қате жазу, транслитерацияны да қате жасауға себеп болады.

Зерттеу саламыз араб тіліндегі сирек қолжазбалар мен басылым атаулары, автор есімдерін транслитерациялау болғандықтан транслитерация түрлеріне тоқталайық.

Транслитерация термині (лат. *Trans* арқылы, *litter* әріп) бір жазу жүйесіндегі әріптерді екінші бір әліпбидің графикалық бірліктерімен ауыстыру процесі (Қалиев, 2005: 329).

Жалпы алғанда транслитерациялау ережелерінің үш түрі бар. Олар таңбалардың өзара бірмәнді сәйкестігіне негізделген қатаң (строгая) түрі (а→a, б→b, в→v...), әріп тіркестерін (диграф, триграф) пайдаланатын босаң (ослабленная) түрі (ж→zh, ч→ch, я→ya) және графикалық тізбектерді кешенді түрде алмастыратын кеңейтілген (расширенная) түрі (ый→у) (Протасова, 2021: 79-81; ГОСТ, 2014).

Ғалым Фаузи Атия Мухаммад бұл құбылыстың аударма ісіндегі маңыздылығына тоқтала отырып, оны негізінен тілден тілге аударылмайтын ономастикалық атауларды жеткізудің құралы ретінде қарастырады. Мысалы араб тіліндегі باب المندب бұғазының атауы мағыналы сөз болғанына қарамастан өзге тілдерге аударылмай, өзінің дыбыстық қалыбын сақтауға тиіс (Muhammad, 1968: 189). О.Тимохов пен М.Корнееваның редакторлығымен жарық көрген «Теоретикалық фонетика» еңбегінде транслитерацияны қызметіне қарай ғылыми және практикалық деп екі түрге бөліп қарастырады. Олардың пікірінше ғылыми транслитерацияның негізгі қағидаты – бастапқы мәтін мен транслитерацияланған таңбалар арасында бірмәнді сәйкестікті қамтамасыз ету. Яғни таңбалар жүз пайыз кері қайтарылу мүмкіндігі сақталуға тиіс. Мысалы кирилл графикасындағы мағына ажыратқыш «е» және «э» немесе «й» және «и» секілді графемалардың әрқайсысы латын әліпбиінде дербес таңбалануға тиіс. Мұндай дәлдікке қол жеткізу үшін латын графикасына негізделген халықаралық библиографиялық жүйелерде диакритикалық белгілер немесе өзге әліпбилердің элементтері кеңінен қолданылады. Ал практикалық транслитерация қабылдаушы тілдің стандартты әліпбиінің мүмкіндіктерімен ғана шектеледі. Бұл жүйеде транслитерацияланған мәтінді бастапқы қалпына дәлме-дәл келтіруге кепілдік жоқ. Мәселен, «е» мен «э» әріптерін латын графикасында бір ғана «e» таңбасымен, ал «й» мен «и» әріптерін «i» таңбасымен ғана береді. Оған мысал ретінде орыс тіліндегі «твой» және «твои» сөздеріне бір ғана «tvoi» сөзі сәйкес келетінін келтірген (Тимохов, Корнеева, 1999: 26-27).

Г.Веллиш каталогтау процесінде қатаң транслитерацияны қолданудың маңыздылығын оның кері қайтарымдылық қасиетімен негіздейді. Оның пайымдауынша библиографиялық жазба түпнұсқа мәтіннің графикалық бейнесін толық сақтауға тиіс. Бұл ғалымдарға каталогтағы латынша жазба арқылы араб графикасындағы түпнұсқа сөзді қатесіз қалпына келтіруге және ақпараттық іздеу жүйелерінде автор есімдері мен еңбек атауларын нақты сәйкестендіруге мүмкіндік береді (Wellisch, 1978). Осы тұрғыдан алғанда DIN 31635 стандарты Г. Веллиштің библиографиялық бақылау талаптарына толық жауап беретін ең оңтайлы құрал болып табылады.

Араб жазуын ғылыми транслитерациялауда бірнеше стандарт бар. Олар DIN 31635 (1982), ISO 233 (1984), UN (1972), ALA-LC (1997), EI (1960) стандарттары.

DIN 31635 (1982) араб әліпбиін латын графикасына транслитерациялауға арналған халықаралық деңгейде танылған неміс стандарты (DIN 31635:1982-04). Бұл стандартты 1982 жылы Герман стандарттау институты (Deutsches Institut für Normung) қабылдаған. Басты принципі графикалық сәйкестік. Араб тіліндегі әр әріпке жеке-жеке таңба береді. Қажет болған жағдайда күрделі дыбыстарды жеткізу үшін әріптерге диакритикалық таңбалар үстеп, мәтінді қатесіз кері транслитерациялауға мүмкіндік береді. Бұл стандарт 2011 жылы жаңартылғанымен (DIN 31635: 2011-07), ғылыми айналымда 1982 жылғы классикалық DIN 31635 деген атаумен сілтеме жасалады.

Бұл стандарттың жасалуына тікелей атсалысқан ғалымдардың бірі неміс шығыстанушысы Карл Броккельман. Ол өзінің әйгілі «Geschichte der arabischen Litteratur» (Араб әдебиетінің тарихы) еңбегінде араб жазуын латын графикасында берудің жүйелі принципі қолданды. Бұл принципі DIN 31635 стандартының негізі болды. Сонымен қатар ғылыми ортада әйгілі «A Dictionary of Modern Written Arabic» (Wehr, 1994) сөздігінің авторы

Ганс Вер (Hans Wehr) қолданған транслитерация жүйесі де DIN 31635 стандартына өте жақын болды.

ISO 233 (1984) араб әліпбиін латын таңбаларына көшіруге арналған Халақаралық стандарттау ұйымы қабылдаған ең қатаң ғылыми стандарттың бірі (ISO 233:1984). Бұл стандарттың басты мақсаты мәтіннің графикалық тұтастығын сақтау, яғни арабша сөздерді дыбысталуына қарамастан, әріппе-әріп латын графикасына дәлме-дәл көшіру.

"ISO 233 стандартының DIN 31635-тен айырмашылығы – ол қатаң транслитерация (strict transliteration) қағидасын ұстанады. Бұл жүйе араб мәтінін фонетикалық ерекшеліктеріне қарамай, тек графемдік (таңбалық) деңгейде бейнелейді, бұл оның кері қайтарымдылығын (reversibility) 100% қамтамасыз етеді" (ISO 233:1984 сипаттамасы негізінде).

UN 1972 стандарты БҰҰ-ның Географиялық атаулар жөніндегі сарапшылар тобының (UNGEGN) 1972 жылы өткен екінші конференциясында қабылданған араб жазуын латыншаға транслитерациялау стандарты (UN, 1974). Бұл стандарт ғылыми ортада және халықаралық картаграфияда «БҰҰ-ның араб тіліне арналған транслитерация жүйесі» (Beirut system) ретінде белгілі. Бұл жүйе 1971 жылы Бейрутте өткен конференцияда араб елдерінің мақұлдауымен жасалып, 1972 жылы БҰҰ деңгейінде ресми түрде қабылданды. Оның басты мақсаты – араб географиялық атауларын (топонимдерін) латын әріптерімен бірізді жазу.

ALA-LC 1997 (American Library Association - Library of Congress) стандарты латын емес әліпбилерді латын қарпіне көшіруге (транслитерациялауға) арналған ережелер жиынтығы (ALA-LC, 1997). Бұл стандарт негізінен АҚШ, Канада, Британия кітапханаларында ақпаратты жүйелеу және библиографиялық жазбалар жасау үшін қолданылады. Бұл стандартта түпнұсқа тілдегі сөздерді латын графикасы арқылы барынша дәл беру.

EI 1960 (Encyclopedia of Islam, 2-ші басылым) – араб графикасын латын әліпбиіне транслитерациялаудың беделді әрі академиялық ортада кеңінен танылған стандарттардың бірі (EI, 1960). Бұл жүйе исламтану, шығыстану және тарих ғылымдарында негізгі бағдар ретінде қолданылады. Бұл стандарттың басты мақсаты араб тілінің фонетикалық ерекшеліктерін барынша дәл беру және латынша транслитерациясына қарап, оның арабша түпнұсқада қалай жазылғанын қатесіз анықтай алады.

Араб әліпбиінде ا, ب, ت, ث, ج, ح, خ, د, ذ, ر, ز, س, ش, ص, ض, ط, ظ, ع, غ, ف, ق, ك, ل, م, ن, ه, و, ي әріптері бар (Muhammad, 2018: 50).

Жоғарыдағы бес стандартта ب, ت, د, ر, ز, س, ف, ك, ل, م, ن, ه, و, ي әріптерін транслитерациялауда қайшылық жоқ. Барлық стандартта ب әрпіне b, ت әрпіне t, د әрпіне d, ر h, و әрпіне w, ي әрпіне y таңбалары берілген.

Ал ا, ث, ج, ح, خ, د, ذ, ر, ز, س, ش, ص, ض, ط, ظ, ع, غ, ف, ق әріптерін таңбалауда қайшылықтар бар. ح, ج, ض, ط әріптерін DIN 31635 (1982), ISO 233 (1984), ALA-LC (1997), EI (1960) стандарттарында астында нүктесі бар ḥ, ṣ, ḍ, ṭ, ḏ таңбаларымен берсе, UN (1972) стандартында седиль диакритикалық белгісі арқылы ḥ, ṣ, ḍ, ṭ, ḏ таңбаларымен берген.

DIN 31635 (1982), ISO 233 (1984) стандарттарында ش әрпін карон белгісі бар š таңбасы арқылы берсе, UN (1972), ALA-LC (1997), EI (1960) стандарттарында sh диаграфы арқылы береді.

ق әрпін DIN 31635 (1982), ISO 233 (1984), UN (1972), ALA-LC (1997) стандарттарында q таңбасымен белгілесе, EI (1960) стандартында астында нүктесі бар ḡ таңбасы қолданылған.

ع әрпін DIN 31635 (1982), ISO 233 (1984), EI (1960) стандарттарында сол жаққа қараған жарты шеңбермен (◌̣) белгілесе, UN (1972), ALA-LC (1997) стандарттарында теріс үтір (◌̣) таңбасымен берді.

Һамзаны DIN 31635 (1982), EI (1960) стандарттарында оң жаққа қараған жарты шеңбермен (◌̣) берсе, ISO 233 (1984), UN (1972), ALA-LC (1997) стандарттарында оң үтір (◌̣) таңбасымен белгіледі.

DIN 31635 (1982), ISO 233 (1984) стандарттарында ث, ð әріптеріне астында сызығы бар t, d таңбалары берілсе, UN (1972), ALA-LC (1997) стандартында астында сызығы жоқ th, dh диграфтары, ал EI (1960) стандартында астында сызығы бар th, dh диграфтары берілген.

DIN 31635 (1982), ISO 233 (1984) стандарттарында ж әрпіне карон белгісі бар ħ таңбасы берілсе, UN (1972), ALA-LC (1997) стандартында j таңбасы, ал EI (1960) стандартында астында сызығы бар dj диграфы берілген.

خ әрпіне DIN 31635 (1982) стандартында астында брефис белгісі бар h таңбасы берілсе, ISO 233 (1984) стандарттарында астында сызығы бар h таңбасы, UN (1972), ALA-LC (1997) стандарттарында kh диграфы, ал EI (1960) стандартында астында сызығы бар kh диграфы берілген.

غ әрпіне DIN 31635 (1982), ISO 233 (1984) стандартында үстінде нүктесі бар g таңбасы берілсе, UN (1972), ALA-LC (1997) стандарттарында gh диграфы, ал EI (1960) стандартында астында сызығы бар gh диграфы берілген.

Әліпбиден тыс кей таңбаларда да бірізділік жоқ.

Та марбута (ة): DIN 31635 (1982), UN (1972), ALA-LC (1997) стандарттарында позициясына қарай h, t, ISO 233 (1984) стандартында барлық позицияда үстіне екі нүкте қойылған i таңбасын, EI (1960) стандартында a және at деп белгілеген.

Әлиф мақсура (ا): DIN 31635 (1982), EI (1960) стандарттарында ā, ISO 233 (1984) стандартында ū, UN (1972), ALA-LC (1997) стандарттарында u таңбасын берген.

Әл артиклі (ال): DIN 31635 (1982), UN (1972), ALA-LC (1997) стандарттарында al, ISO 233 (1984) стандартында "al, EI (1960) стандартында al, 'l деп таңбалаған.

Әлиф мәд (إ): DIN 31635 (1982) стандартында 'ā, ISO 233 (1984) стандартында 'â, UN (1972), EI (1960) стандарттарында стандартында ā, ALA-LC (1997) стандартында ā, 'ā таңбалары берілген.

Фатха (اَ), кәсра (اِ), дамма (اُ) харакаттарына барлық стандартта a, i, u таңбалары берілген.

Созылыңқы (اَ): DIN 31635 (1982), UN (1972), ALA-LC (1997), EI (1960) стандарттарында үсті сызылған ā; ISO 233 (1984) стандартында a' таңбасы берілген.

Созылыңқы (اِ): DIN 31635 (1982), UN (1972), ALA-LC (1997), EI (1960) стандарттарында үсті сызылған i; ISO 233 (1984) стандартында iu диграфы берілген.

Созылыңқы (اُ): DIN 31635 (1982), UN (1972), ALA-LC (1997), EI (1960) стандарттарында үсті сызылған ū; ISO 233 (1984) стандартында uw диграфы берілген.

Жоғарыда келтіргеніміздей, Ғылым Ордасы орталық ғылыми кітапханадағы араб графикалы қолжазбалар мен сирек кітаптардың электронды каталогын қарағанымызда, олардың деніне транслитерация жасалмаған. Транслитерация жасалғандарының ешқайсысы жоғарыдағы халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді. Тіпті кейбіріне кирилл таңбасында бірде орысша, бірде қазақша транслитерация жасалған.

Каталогтан бөлек Қазақстанның шығыстану саласындағы ғылыми басылымдарда да араб ономастикалық атауларының транслитерациясы ғылыми стандарттардың ешқайсысына негізделмегенін байқадық. Мысалы Қ.Қайполланың мақаласында араб тіліндегі еңбек атаулары кирилл графикасында транслитерацияланған (Қайполла, Шадкам, 2025: 333-341). Ал Ж. Төлебаева мақаласында еңбек атаулары мен автор есімдерін түпнұсқа араб тілінде келтірмеген. Транслитерациясын кирилл графикасында берген. Араб тіліне тән дыбыстардың таңбасына диакритикалық таңбалар қолданбаған. Тек х әрпіне теріс төңкерілген үтір (') таңбасын қолданған. Бұл таңба ешқандай стандартта х таңбасын бермейді (Төлебаева, Каримова, Төлебаев, 2025: 247-259).

Қазақстандағы каталогтау саласы үшін жоғарыдағы стандарттардың қайсысын таңдағанымыз жөн, соған тоқталайық:

EI (1960) стандарттарында араб тіліндегі бес әріпті (ث, ج, خ, ذ, ش әріптерін), ал UN (1972), ALA-LC (1997) стандарттары төрт әріпті (ث, خ, ذ, ش әріптерін) диграфпен береді. Диграфтар жазуда шұбалаңқылыққа жол беріп, ыңғайсыздық тудырады.

ISO 233 (1984) стандартының басты принципі қатаң реверсивтілік (қайтымдылық). Араб тіліндегі әрбір таңбаға, тіпті жазылып, оқылмайтын әріптерге де, сөз соңындағы грамматикалық жалғауларға да (тануиндер) латын графикасынан арнайы таңба берілуі керек. Мәтін фонетикалық оқылуына емес, графикалық жазылуына қарай көшіріледі. Күрделі, әрі көптеген диакритикалық белгілерді қолданады. Оқуға ауыр, тіл маманынан өзгелерге сөзді тану қындық тудырады. Ал DIN 31635 стандарты араб тілі дыбыстарының дыбысталуын көбірек ескереді. Бұл стандарт Еуропа мен ТМД елдеріндегі шығыстану мектептерінде танымал стандарт. Диакритикалық таңбалары оңтайлы әрі түсінікті. Диграфтар қолданылмаған. Сөздер оқуға жеңіл. Осыларды ескере келе Қазақстан жағдайында кітапханалардағы араб тіліндегі еңбектердің атауы мен автор есімдерін транслитерациялауда DIN 31635 стандарты тиімді дегіміз келеді. Сонымен қатар жоғарыда айтылған транслитерацияның қатаң түріне сәйкес келеді.

Енді каталогтарда кәте берілген кей қолжазбалар мен сирек кітап атауларын (кесте 1), автор есімдерін (кесте 2) DIN 31635 стандарты бойынша дұрыс транслитерациясын кесте арқылы көрсетейік:

Кесте 1. Еңбек атаулары

Шиф-ры	Еңбек атауларының арабшасы	Каталогтағы транслитерациясы	DIN стандарты бойынша транслитерациясы
	مختصر الوقاية في مسائل الهداية	Mukhtasar al-Wiqayah fi Masa'il al-Hidayah	Muhtaşar al-Wiqāya fi masā'il al-Hidāya
281	مشكاة المصابيح	Мишкәт әл-Масабиx	Miškāt al-Maṣābiḥ
26	شرح الوقاية	Шарx уикая	Şarḥ al-Wiqāya
5625	كتاب النحو والصرف	Kitab al-Nahw was-Sarf	Kitāb an-Naḥw wa aṣ-Şarf
366	تعريفات سيد أو تعريفات كتب القوم	Tarifatu Sayyidin aw Ta rifatu Kutubi al-Qawmi	Ta'rifāt Sayyid 'aw Ta'rifāt Kutub al-Qawm
	مختصر علم الميزان	Muhtasar ilm al-Mizan	Muhtaşar 'ilm al-Mizān
8345	لغة العرب	Лугат араб	Luğa al-'arab
1053	معلم صرف لسان العرب	Муъаллиму ас-сарф	Mu'allim şarf lisān al-'arab
3705	وقاية الرواية في مسائل الهداية	Уикаяту ар-Риуая фи Масаили ал-Хидая	Wiqāya ar-Ruwāya fi masā'il al-Hidāya
5955	مجموعة الأدعية	Maǧmu at al-Adyah	Mağmu'at al-'Ad'iya
5938	القرآن الكريم	Al-Qur'an al-Karim	Al-Qur'ān al-Karīm
5070	كلیلة ودمنة	Калила мен Димна	Kalīla wa Dimna
2220	هذه أسماء أهل بدر الكرام	Hazihi asma'u Ahl Badr al-Kiram	Hāzihi 'asmā' ahl Badr al-Kirām
8221	نسمات الاسحار	Насамат ал-асхар	Nasamāt al-'Ashār

Кесте 2. Автор есімдері

	Автор есімдерінің арабшасы	Каталогтағы транслитерациясы	DIN стандарты бойынша транслитерациясы
	عبيد الله ابن مسعود ابن تاج الشريعة	Ubaydullah ibn Masud ibn Taj al-Shari'a	'Ubayd al-Lāh ibn Mas'ūd ibn Tāğ aş-Sharī'a
281	علي بن سلطان محمد	Али бен Султан Мухаммад	'Alī ibn as-Sultān Muḥammad
2010	محيي الدين محمد بن عربي	Muhyiddin Muhammad ibn Arabi	Muḥyiddīn Muḥammad ibn 'Arabī
2964	ميخائيل بن يوسف عطايا	M. O. Аттая	Mīḥā'il ibn Yūsuf 'Atāyā
2017	محمود بن عمر الزمخشري	Mahmoud ibn Omar al-Zamakhshari	Maḥmūd ibn 'Umar az-Zamaḥṣarī
8973	محمد عبد الرحمن بن عبد الغفور	Muhammad Abd ar-Rahman ibn Abd al-Gafur	Muḥammad 'Abd ar-Raḥmān ibn 'Abd al-Ġafūr
880	ابن خلكان	ибн Халкан	Ibn Ḥallikān
356	زين الدين بن محمد بن أبي بكر بن عبد القادر الرازي	Zayn al-Din ibn Muhammad ibn Abi Bakr ibn Abd al-Qadir al-Razi	Zayn ad-Dīn ibn Muḥammad ibn 'Abū Bakr ibn 'Abd al-Qādir ar-Rāzī
2027	القرآن	al-Quran	al-Qur'ān
3705	برهان الشريعة	Burhan al-Sharia	Burhān aş-Şarī'a
7735	حسين علي محفوظ	Хусейн Али Махфуз	Ḥusayn 'Ali Maḥfūz
319	مسعود بن محمد يوسف السمرقندي	Mas'ūd b. Muḥammad Yūsuf al-Samarqandī	Mas'ūd ibn Muḥammad Yūsuf as-Samarqandī
1891	الولد العزيز ضياء الدين يوسف	Ал-уалад ал-азиз Диау ад-дин Юусуф	Al-Walad al-'Azīz Diyā' ad-Dīn Yūsuf
2220	الإمام البرزنجي	Imam al-Barzanji	Al-'Imām al-Barzanġī
5068	اسماعيل حقي	Ismail Haqqi	'Ismā'il Ḥaqqī
8221	محمد بن عابدين	Мухаммед бин Абедин	Muḥammad ibn 'Ābidīn

Зерттеу нәтижелері

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде араб тіліндегі қолжазбалар мен сирек кітаптарды каталогтау ісінде қолданылатын бес негізгі халықаралық стандарттың (DIN 31635, ISO 233, UN, ALA-LC, EI) функционалдық мүмкіндіктері айқындалды. Зерттеу барысында анықталғандай, Қазақстанның мемлекеттік қолжазба қорлары мен цифрлық библиотекалық жүйелері үшін DIN 31635 (1982) стандарты ең оңтайлы және ғылыми негізделген жүйе ретінде танылды.

Біріншіден, зерттеу нәтижесі көрсеткендей, ағылшын тілді ортаға бейімделген UN (1972), ALA-LC (1997) және EI (1960) жүйелеріндегі диграфтар электронды каталогтарда іздеу кезінде семантикалық қателіктер туғызады. Мәселен, автор есмінде s және h әріптері қатар келіп, ш дыбысын бермейтін болса, алгоритм оларды шатастыруы мүмкін. Ал DIN 31635 стандарты «бір әріп – бір таңба» принципін ұстанады. Бұл каталогтағы мәліметтердің

машиналық оқылуын жеңілдетеді және кері транслитерациялау кезінде түпнұсқа мәтінді дәлдікпен қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Екіншіден, халықарлық ISO 233 (1984) стандартымен салыстырғанда, DIN жүйесі араб тілінің фонетикалық заңдылықтары мен жазу емлесі арасындағы теңгерімді жақсы сақтаған. ISO стандарты тым қатаң графикалық трансформацияға сүйенгендіктен, алынған латын графикасындағы мәтін филолог мамандар үшін де, қарапайым оқырман үшін де оқуға ауыр болып келеді. Ал DIN жүйесіндегі диакритикалық таңбалар араб тіліне ғана тән дыбыстарды нақты ажыратады.

Үшіншіден, Қазақстанның қолжазба қорларының әлемдік ғылыми айналымға интеграциялануы үшін неміс шығыстану мектебі негіздеген, бүгінде бүкіл Еуропадағы академиялық орта мойындаған DIN 31635 стандарты ең жоғары легитимділікке ие.

Төртіншіден, зерттеу нәтижесінде DIN стандартының Қазақстанның сирек қорларында сақталған ортағасырлық араб тіліндегі трактаттардың (пәлсапа, риадият, фикһ, ақида, т.б.) күрделі терминологиясын сипаттауға икемділігі дәлелденді. Араб тілінің грамматикалық ережелеріне (изафетті тіркестер, артикльдің жазылуы) сай бұл стандарт атаулардың транскрипциясын емес, транслитерациясын беретіндіктен, каталогтаушы маманға тілдік диалектілерге қарамастан бірізді жазуға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, DIN 31635 стандартын таңдау Қазақстандағы араб тіліндегі қолжазбаларды каталогтаудың ғылыми деңгейін халықаралық библиографиялық талаптарға сәйкестендіреді. Бұл жүйе ақпаратты сақтаудың дәлдігін, іздеу жүйелерінің тиімділігін және отандық қолжазба мұраларының шетелдік зерттеушілер үшін қолжетімділігін қамтамасыз ететін негізгі құрал болып табылады.

Қорытынды

Зерттеу барысында араб тіліндегі қолжазбалар мен сирек кітаптардың электронды каталогындағы атауларға және халықаралық стандарттарға жасалған кешенді талдау Қазақстанның ақпараттық-библиографиялық кеңістігін модернизациялау қажеттігін айқындады. Түрлі транслитерациялық жүйелерді (DIN 31635, ISO 233, UN, ALA-LC, EI) лингвистикалық, техникалық және нормативтік тұрғыдан салыстыру нәтижесінде бірқатар маңызды тұжырымдар жасалды:

Біріншіден, араб тіліндегі түпнұсқа атаулар мен автор есімдерін халықаралық талаптарға сай біріздендіру үшін DIN 31635 стандартының ғылыми артықшылығы толық дәлелденді. Бұл стандарттың «бір әріп – бір таңба» принципі каталогтағы мәліметтердің семантикалық тұтастығын сақтап, ақпараттық іздеу жүйелеріндегі қателерді жоюға мүмкіндік береді. Ол цифрлық деректер базасын қалыптастырудағы машиналық оқу процесіне ең бейімделген жүйе саналады.

Екіншіден, Қазақстанның қолжазба қорларын халықаралық ғылыми айналымға қосу және шетелдік зерттеушілер үшін ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында Еуропа академиялық ортасында мойындалған жоғары легитимді жүйеге көшу – уақыт талабы. DIN стандартының араб тіліндегі жазуларды дәлдікпен таңбалау қабілеті отандық шығыстану мен библиография ғылымының сапасын жаңа деңгейге көтереді.

DIN 31635 стандартының тағы бір басымдығы – оның полилингвистикалық сипатында. Бұл жүйе тек классикалық араб тілімен шектелмей, араб графикасына негізделген парсы, османлы және ортағасырлық түркі (шағатай, ескі қазақ) тілдерінің транслитерациялық ережелерін де толық қамтиды. Қазақстанның қолжазбалар мен сирек кітаптар қорларының басым бөлігі араб графикалы түркі тілдеріндегі еңбектерден тұратынын ескерсек, DIN стандарты парсы немесе түркі тілдеріне тән қосымша дыбыстарды таңбалаудың нақты ғылыми тетіктерін ұсынады. Бұл каталогтаушы маманға бір қор ішіндегі әртүрлі тілде жазылған жәдігерлерді бірыңғай халықаралық стандарт негізінде жүйелеуге, транслитерациялық қайшылықтарды жоюға және ортақ библиографиялық кеңістік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, Қазақстанның кітапханалық және архивтік қорларына мынадай тәжірибелік ұсыныстар ұсынамыз:

1. Ұлттық қолжазбалар мен сирек кітаптар орталығы, Ұлттық кітапхана және академиялық архивтердің ішкі каталогтау нұсқаулықтарына бүкіл араб графикалы (араб, парсы, османлы, шағатай/ескі қазақ тілдеріндегі) қолжазбалар мен сирек кітап атауларын, авторларының есімін латын графикасында беруде DIN 31635 стандартын ресми транслитерациялау жүйесі ретінде енгізу;

2. Электронды каталогтар мен библиографиялық базалардың юникодтық мүмкіндіктерін DIN стандартындағы диакритикалық таңбаларды толық танитындай деңгейде техникалық реттеу;

Түйіндей келе, DIN стандартын Қазақстанның каталогтау ісіне енгізу – бұл жай ғана техникалық шешім емес, бұл еліміздің жазба мұрасын әдемдік мәдени мұра контекстінде жүйелеуге, ақпаратты сақтаудың дәлдігін арттыруға және ұлттық қорлардың ғылыми әлеуетін халықаралық деңгейде танытуға бағытталған стратегиялық қадам.

Әдебиеттер:

ALA-LC, 1997 – ALA-LC Romanization Tables: Transliteration Schemes for Non-Roman Scripts. Arabic / Compiled and edited by Randall K. Barry. Washington: Library of Congress, 1997. 12 p.

Al-Munğid, 1996 – المنجد في اللغة والأعلام. – بيروت: دار المشرق، 1996. 715 ص.

An-Nāğawī, 2002 – حروف الجر وأثرها في الدلالات. – طرابلس: منشورات كلية الدعوة الإسلامية، 2002. 672 ص.

Brockelmann, 1938 – Brockelmann C. Geschichte der arabischen litteratur. Leiden: E. J. Brill, 1938. – Zweiter Supplementbanden. XVIII, 1045 s.

ГОСТ, 2014 – ГОСТ Р 7.0.34-2014. Система стандартов по информации, библиотечному и издательскому делу. Правила упрощенной транслитерации русского письма латинским алфавитом. М. : Стандартинформ, 2018. 8 с.

DIN 31635:1982-04 – Information und Dokumentation – Umschrift des arabischen Alphabets für die Sprachen Arabisch, Osmanisch-Türkisch, Persisch, Kurdisch, Urdu und Paschtu. Berlin: Deutsches Institut für Normung, 1982. 29 p.

DIN 31635: 2011-07 – Information and documentation - Romanization of the Arabic alphabet for Arabic, Ottoman-Turkish, Persian, Kurdish, Urdu and Pushto. Berlin: Deutsches Institut für Normung, 2011. 29 p.

EI, 1960 – Encyclopaedia of Islam. New Edition. Volume I: A–B / Edited by H.A.R. Gibb, J.H. Kramers, E. Lévi-Provençal, J. Schacht. Leiden: E.J. Brill, 1960. P. XIII–XVI (System of Transliteration).

ISO 233:1984 – Documentation – Transliteration of Arabic characters into Latin characters. – International Organization for Standardization, 1984. 7 p.

Ковалев, Шарбатов, 1999 – Ковалев А.А., Шарбатов Г.Ш. Учебник арабского языка. М.: Восточная литература РАН, 1999. 751 с.

Қайполла, Шадкам, 2025 – Қайполла Қ., Шадкам З. Мәмлүк-қыпшақтардың «кітаб байтарат әл-уадиһ» қолжазбасының зерттелуі және қазақ халқының дәстүрлі ветеринариясы // «Қазақстан шығыстануы» ғылыми журналы. 2025. №4. Б. 333-341.

Қалиев, 2005 – Қалиев F. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. 440 б.

Muḥammad, 2018 – تاريخ الكتابة العربية. – القاهرة: دار المشرق العربي، 2018. 455 ص.

Muḥammad, 1986 – علم الترجمة. مدخل لغوي. – القاهرة: دار الثقافة الجديدة، 1986. 222 ص.

Протасова, 2021 – *Протасова Н. А.* Транслитерация как один из основных способов передачи немецких антропонимов на русский язык // *Немецкий язык – лингводидактическое обеспечение и методика преподавания – II* : сб. науч. ст. Междунар. науч.-практ. семинара, посвященного памяти Сергея Александровича Носкова (1943–2018) / под ред. Е. Е. Иванова. Могилев: МГУ имени А. А. Кулешова, 2021. С. 79–81.

Тасымов, 1990 – *Тасымов Б.С.* Араб тілі. Алматы: Жазушы, 1990. Т. 1. 296 б.

Тимохов, Корнеева, 1999 – *Тимохов О., Корнеева М.* Теоретическая фонетика. М.: Современный Гуманитарный Университет, 1999. 74 с.

Төлебаева, Каримова, Төлебаев, 2025 – *Төлебаева Ж.М., Каримова Н.Э., Төлебаев Т.Е.* XVII – XX ғасырдың басындағы шығыс нарративтік дереккөздеріндегі Орталық Азияның тарихи географиясы // «Қазақстан шығыстануы» ғылыми журналы. 2025. №4. Б. 247-259.

UN, 1974 – Second United Nations Conference on the Standardization of Geographical Names. Vol. II. Technical papers, London, 10-31 May 1972. New York: United Nations, 1974. (Resolution 8. Arabic transliteration).

Шагаль, Мерекин, Забиров, 1983 – *Шагаль В.Э., Мерекин М.Н., Забиров Ф.С.* Учебник арабского языка. – М.: Военное издательство, 1983. – 784 с.

Wellisch, 1978 – *Wellisch H.H.* The conversion of scripts: Its nature, history, and utilization. New York: John Wiley & Sons, 1978. 509 p.

Wehr, 1994 – *Wehr H.* A Dictionary of Modern Written Arabic / Edited by J. Milton Cowan. 4th edition. Urbana, IL: Spoken Language Services, 1994. 1301 p.

References:

ALA-LC, 1997 – ALA-LC Romanization Tables: Transliteration Schemes for Non-Roman Scripts. Arabic / Compiled and edited by Randall K. Barry. Washington: Library of Congress, 1997. 12 p.

Al-Munğid, 1996 – Al-Munğid fī al-luğa wal-’a’lām [Al-Munjid in language and proper names]. Beyrūt: dār al-Maşriq, 1996. 715 p. (in Arab)

An-Nāğawī, 2002 – *Muḥammad Tayyib an-Nağāwī.* Ḥurūf al-ğarr wa-’aṭaruhā fī ad-dilālāt [Prepositions and their impact on semantics]. Tarābul: Maṣṣūrāt kulliyya ad-da’wa al-’islāmiyya, 2002. 672 p. (in Arab)

Brockelmann, 1938 – *Brockelmann C.* Geschichte der arabischen litteratur [History of Arabic Literature]. - Leiden : E. J. Brill , 1938. Zweiter Supplementbanden . XVIII, 1045 s. (in Ger)

GOST, 2014 – GOST R 7.0.34-2014. Sistema standartov po informatsii, bibliotechnomu i izdatel'skomu delu. Pravila uproshchennoy transliteratsii russkogo pis'ma latinskim alfavitom [System of standards on information, librarianship and publishing. Rules of simplified transliteration of Russian script into Latin alphabet]. M. : Standartinform, 2018. 8 p. (in Rus)

DIN 31635:1982-04 – Information und Dokumentation – Umschrift des arabischen Alphabets für die Sprachen Arabisch, Osmanisch-Türkisch, Persisch, Kurdisch, Urdu und Paschtu [Information and documentation - Transliteration of the Arabic alphabet for Arabic, Ottoman-Turkish, Persian, Kurdish, Urdu and Pashto]. Berlin: Deutsches Institut für Normung, 1982. 29 p. (in Ger)

DIN 31635: 2011-07 – Information and documentation – Romanization of the Arabic alphabet for Arabic, Ottoman-Turkish, Persian, Kurdish, Urdu and Pushto. Berlin: Deutsches Institut für Normung, 2011. 29 p.

EI, 1960 – Encyclopaedia of Islam. New Edition. Volume I: A–B / Edited by H.A.R. Gibb, J.H. Kramers, E. Lévi-Provençal, J. Schacht. Leiden: E.J. Brill, 1960. P. xiii–xvi (System of Transliteration).

ISO 233:1984 – Documentation – Transliteration of Arabic characters into Latin characters. – International Organization for Standardization, 1984. 7 p.

- Kovalev, Sharbatov, 1999 – *Kovalev A.A., Sharbatov G.Sh.* Uchebnik arabskogo yazyka [Arabic Language Textbook]. M.: Vostochnaya literatura RAN, 1999. 751 p. (in Rus)
- Qaypolla, Şadkam, 2025 – *Qaypolla Q., Şadkam Z.* Mämlük-qıpşaqatdın kitab baytarat al wadīh qoljazbasınıñ zerttelwi jäne qazaq halqınıñ дәстүрli veterinariyası [Study of the Mamluk-Kipchak manuscript "Kitab baytarat al-wadīh" and traditional veterinary medicine of the Kazakh people] // *Qazaqstan Ғығанwı ғılıмi jwrnalı*, 2025, №4. pp. 333-341. (in Kaz)
- Qaliyev, 2005 – *Qaliyev G.* Til bilimi terminderiniñ түsindirme sözdigi [Explanatory dictionary of linguistic terms]. Almatı: Sözdik-Slovar, 2005. 440 p. (in Kaz)
- Muhammad, 2018 – *‘Alī ‘Ibrāhīm Muhammad.* Tārīh al-kitāba al-‘arabiyya [History of Arabic writing]. al-Qāhira: dār al-Maṣriq al-‘arabī, 201. 455 p. (in Arab)
- Muhammad, 1986 – *Fawzī ‘Atiyya Muhammad.* ‘Ilm at-tarğama. Madḥal luğawī. al-Qāhira: dār at-Taqāfa al-ğadīda, 1986. 222 ş. (in Arab)
- Protasova, 2021 – *Protasova N. A.* Transliteratsiya kak odin iz osnovnykh sposobov peredachi nemetskikh antroponimov na russkiy yazyk [Transliteration as one of the main ways of rendering German anthroponyms into Russian] / N. A. Protasova, T. M. Ryzhankova // *Nemetskiy yazyk – lingvodidakticheskoye obespecheniye i metodika prepodavaniya – II* [German language – linguodidactic support and teaching methodology – II]: sb. nauch. st. Mezhdunar. nauch.-prakt. seminara, posvyashchennogo pamyati Sergeya Aleksandrovicha Noskova (1943–2018) / pod red. Ye. Ye. Ivanova. Mogilev: MGU imeni A. A. Kuleshova, 2021. P. 79–81. (in Rus)
- Tasimov, 1990 – *Tasimov B.S.* Arab tili [Arabic Language]. Almatı: Jazwşı, 1990. T. 1. 296 p. (in Kaz)
- Timokhov, Korneyeva, 1999 – *Timokhov O., Korneyeva M.* Teoreticheskaya fonetika [Theoretical phonetics]. M.: Sovremennyy Gumanitarnyy Universitet, 1999. 74 p. (in Rus)
- Tölebayeva, Karimova, Tölebayev, 2025 – *Tölebayeva J.M., Karimova N.E., Tölebaev T.E.* XVII – XX ғasırdıñ basındağı ғıǵıs narrativtik derekközderindegi Ortalıq Aziyanıñ tarihi geografiyası [Historical geography of Central Asia in Eastern narrative sources of the 17th – early 20th centuries] // *Qazaqstan ғығанwı ғılıмi jwrnal.* 2025, №4. Pp. 22-33. (in Kaz)
- UN, 1974 – Second United Nations Conference on the Standardization of Geographical Names. Vol. II. Technical papers, London, 10-31 May 1972. New York: United Nations, 1974. (Resolution 8. Arabic transliteration).
- Shagal', Merekin, Zabiroy, 1983 – *Shagal' V.E., Merekin M.N., Zabiroy F.S.* Uchebnik arabskogo yazyka [Arabic Language Textbook]. M.: Voennoye izdatel'stvo, 1983. 784 p. (in Rus)
- Wellisch, 1978 – *Wellisch H.H.* The conversion of scripts: Its nature, history, and utilization. New York: John Wiley & Sons, 1978. 509 p.
- Wehr, 1994 – *Wehr H.* A Dictionary of Modern Written Arabic / Edited by J. Milton Cowan. 4th edition. Urbana, IL: Spoken Language Services, 1994. 1301 p.

¹Қыдырбай К.А., ²Суйеркул Б.М., ³Мустафаева А.А.

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

^{2, 3}Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹kaldybai75@gmail.com, ²billionairebota@gmail.com, ³rummana@mail.ru

ПРИНЦИПЫ УНИФИКАЦИИ ТРАНСЛИТЕРАЦИИ НАЗВАНИЙ РЕДКИХ КНИГ НА АРАБСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. С момента обретения Казахстаном независимости в рамках различных государственных программ из зарубежных архивов и библиотек в страну начали поступать документы и книги, имеющие отношение к отечественной истории, культуре и языку. Среди них значительную часть составляют материалы на арабском, персидском и тюркских языках, записанные арабской графикой. Эти документы были переданы в фонды редких книг

библиотек страны. Однако анализ каталогов арабских книг в данных фондах показывает, что транслитерация названий трудов и имен авторов не соответствует определенным международным стандартам. Арабские имена и названия произведений имеют сложную структуру. Если имя одного автора или название труда записывается по-разному, поисковые системы могут идентифицировать их как разных лиц или разные произведения. Единый стандарт транслитерации позволяет систематизировать все данные в одном месте, содействует созданию авторитетных записей и открывает путь к обмену информацией на мировом уровне. Целью данной статьи является обоснование необходимости использования международных стандартов транслитерации при каталогизации арабографичных рукописей и редких книг в фондах Казахстана. Значимость исследования заключается в систематизации арабоязычного наследия для обеспечения информационной открытости и укрепления связи отечественной науки с международным научно-образовательным пространством. Научная новизна исследования состоит в выявлении отсутствия единого стандарта транслитерации арабографичных трудов в отечественном библиотечном деле и предложении путей решения данной проблемы. Кроме того, выдвигается идея создания общего «информационного моста» для специалистов, не владеющих арабским языком, и международных исследователей. В статье поставлена задача по устранению ошибок в поисковых системах, возникающих из-за разночтений в транслитерации имен авторов и названий трудов. Внедрение единого стандарта позволит сформировать авторитетные записи в поисковых системах, ускорить процесс цифровизации и обеспечить международный обмен данными. Методология исследования: В работе используются сравнительно-сопоставительный, аналитический и другие методы. Проанализированы международно признанные системы транслитерации (DIN, ISO, UN, ALA-LC, EI) и изучены возможности их адаптации к научной среде Казахстана. Результаты исследования и выводы: в результате исследования сделан вывод о том, что для редких фондов Казахстана наиболее эффективным является использование стандарта DIN 31635, основанного на принципе «одна буква — один символ» и обладающего высокой диакритической точностью. Внедрение данного стандарта гарантирует полноценное включение арабоязычного наследия, а также памятников на других языках с арабской графикой (персидском, османском, чагатайском и др.), в мировой научный оборот.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему: «Рукописное наследие Казахстана: реестрирование, реставрация, научная каталогизация, оцифровка и комплексные кодикологические исследования» (ИРН: BR28712621).

Ключевые слова: арабский язык, транслитерация, рукопись, издание, литография, цифровизация, каталог.

¹Qydyrbai Q.A., ²Suiyerkul B.M., ³Mustafayeva A.A.

¹ Nur-Mubarak Egypt University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan

^{2,3} Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹kaldybai75@gmail.com, ²billionairebota@gmail.com, ³rummana@mail.ru

PRINCIPLES OF UNIFYING THE TRANSLITERATION OF ARABIC RARE BOOK TITLES

Abstract. Since Kazakhstan gained independence, numerous documents and books related to the nation's history, culture, and language have been acquired from foreign archives and libraries through various state programs. These collections include significant materials in Arabic, Persian, and Turkic languages written in the Arabic script, which have been integrated into the rare book funds of the country's libraries. An analysis of the catalogues for these Arabic-language works reveals that

the transliteration of titles and authors' names does not currently adhere to established international standards. Arabic names and titles possess complex structures. If an author's name or a work's title is transliterated inconsistently, search engines may misidentify them as distinct individuals or separate works. A unified transliteration standard facilitates the consolidation of all data, aids in the creation of authority records, and paves the way for global information exchange. The purpose of this article is to justify the necessity of applying international transliteration standards when cataloguing Arabic-script manuscripts and rare books within Kazakhstan's collections. The significance of the study lies in systematizing Arabic-language heritage to ensure informational transparency and to strengthen the connection between domestic scholarship and the international scientific community. The scientific novelty of the research consists in identifying the lack of a unified transliteration standard for Arabic-script works in Kazakhstan's librarianship and proposing solutions to address this gap. Furthermore, the study proposes the concept of an "informational bridge" for researchers and specialists who do not possess proficiency in the Arabic language. The research objectives include eliminating errors in search systems caused by inconsistent transliterations of names and titles. Implementing a unified standard will enable the formation of authority records, facilitate international data exchange, and accelerate the digitalization process. Research Methodology: The study employs comparative-contrastive and analytical methods. Internationally recognized transliteration systems (DIN, ISO, UN, ALA-LC, EI) are analyzed, and their adaptability to the scientific environment of Kazakhstan is evaluated. Research Results and Conclusions: The study concludes that the DIN 31635 standard, based on the "one letter – one symbol" principle and characterized by high diacritical precision, is the most effective for Kazakhstan's rare book funds. The implementation of this standard guarantees the full integration of Arabic-language heritage, as well as materials in other languages using Arabic script (Persian, Ottoman, Chagatai, etc.), into global scientific circulation.

Acknowledgments: This article was prepared within the framework of the program-targeted financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan: "Manuscript Heritage of Kazakhstan: Registration, Restoration, Scholarly Cataloguing, Digitization, and Comprehensive Codicological Studies" (IRN: BR28712621).

Keywords: Arabic language, transliteration, manuscript, edition, lithography, digitalization, catalog.

Авторлар туралы мәлімет:

Қыдырбай Қалдыбай Арыстанбекұлы, Шығыстану (арабтану) бойынша PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан. Тел.+7 708 277 18 51

Сүйеркүл Ботагөз Мырзабайқызы, филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Мустафаева Анар Абдикадиевна, Шығыстану (арабтану) бойынша PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Қыдырбай Қалдыбай Арыстанбекулы, PhD по специальности «Востоковедение» (арабистика), Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан.

Сүйеркул Ботагөз Мырзабайқызы, доктор филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Мустафаева Анар Абдикадиевна, PhD по специальности «Востоковедение» (арабистика), Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about the authors:

Qydyrbai Qaldybai Arystanbekuly, PhD in Oriental Studies (Arabic Studies), Nur-Mubarak Egypt University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan.

Suiyerkul Botagoz Myrzabaikyzy, Doctor of Philology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Mustafayeva Anar Abdikadiевна, PhD in Oriental Studies (Arabic Studies), Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

*Келін түсті 28 маусым 2026 жыл
Қабылданды 20 тамыз 2026 жыл*